



«АНА ТІЛІМ - АЛАШЫМНЫҢ АЙБЫНЫ»



Қазақ тілі – ұлтымыздың күре тамыры, жаны мен жүрегі. Ол бар жерде қазақ мәңгі жасамақ. Ананың ақ сүтімен бойға дарыған туған тілдің тағдыры ешкімді де бей-жай қалдырмақ емес. Олай болса ұлт болып ұйысқан қазақтың төл тілінің мәртебесін көтеру мақсатында кеше білім мен ғылымның қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде дәстүрлі «Ана тілім – алашымның айбыны» атты жыр мүшәйрасы өтті. Бұл кеш Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесіне орай ұйымдастырылып отырған Тілдер апталығының шымылдығын салтанатты түрде ашып берді.

Тіл – басты құндылығымыз. Оны анамыздай құрметтеу, сүю – парыз. Жүрек түбін жарып шыққан жауқазын жырларын ана тілге арнаған ақындар додасында Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Меңдүгіл Сағатқызы осылайша жастарға қарата құттықтау сөз сөйледі. «Егер бізге қазақ тілінде сөйлеу жақында сын айтылса, демек, бұл – бүгіннің

шындығы. Туған тілге деген жанашырлықты біз әрбіріміз өзімізден бастауға тиіспіз», – дей келе департамент директоры үш тұғырлы тіл саясатының өзектілігіне тоқталып, жастарды үш тілді тең меңгеруге, ізденіске үндеді. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Гүлмира Қазыбек Елбасының: «Тілден артық қазына жоқ. Тілден артық байлық жоқ», –

деген сөзін тілге тиек етті. Иә, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы ана тіліміздің мәртебесін айқындап: «Қазақ тілі үш тілдің бірі болып қала бермейді. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, маңыздысы бола береді», – деп шегелеген. Себебі, «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы ұлағаты біз үшін ұмытылмас есиет.

Жалғасы 8-бетте

ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ ТІЛ АРҚЫЛЫ КЕЛЕДІ

Қазақ тілінің бүгінгі қоғамдағы жай-күйіне алаңдаған қауым Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі қарсаңында биология және биотехнология факультеті биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының 214-аудиториясында бас қосты. «Қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы» деп аталған дөңгелек үстелге республикалық «Айқын» газетінің бас редакторының бірінші орынбасары Берік Бейсенұлы мен экономика бөлімінің шолушысы Құтмағамбет Қонысбай арнайы шақырылды. Жиынға кафедраның оқытушы-профессорлары Қ. Сапаров, Ә. Бегенов, Ә. Әметов, С. Айдосова, А. Қуатбаев, Г. Сатыбалдиева, кафедра доценттері Н. Ахтаева, А. Ахметова, аға оқытушылар А. Мамурова, Н. Баймурзаев, куратор – эдвайзерлері б.ғ.к. Г. Атанбаева, Б. Уршеева және студенттер қатысты.

Жиынды ашқан профессор Қуандық Әбенұлы: «Белгілі қытай философы Конфуций: «Егер мен мемлекетті басқаруға тиіс болсам, алдымен тілді түзер ем», – деген. Тіл мәселесі мемлекетіміз үшін өзекті. Елімізде жүзден астам ұлт болса, оны біріктіретін бірлік, қазақ ұлты», – деді. Ол өзі білім алған кезеңдегі қазақ тілінің жайына тоқтала отырып, тіліміздің ғылымдағы салмағын арттыру керектігін айтты. Қазақ тілі ғылымда 20 пайызды ғана құрайтынын атап өтті.



Жалғасы 2-бетте

ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ДАМУ – БАСТЫ МЕЖЕ

Танымал мемлекет және қоғам қайраткері Михаил Есенәлиевтің өмірі көпке өнеге. Кешегі ректорат мәжілісінде атақты дипломаттың жары Майя Есенәлиева қонақта болды. Ол Михаил Есенәлиевтің еліміздің қалыптасуына қосқан зор үлесін айта келе, ректор Ғалым Мұтанұлына және университет ұжымына үлкен ризашылығын білдірді. «Университеттің қабылдауы бізді таңғалдырды. ҚазҰУ аумағына аяқ басқан сәттен қабыл алған ұлттық киімдегі қыздар, шоқ-шоқ гүл, шынайы ыстық ықылас мені баурап алды. «Өнегелі өмір» сериясымен шыққан «Михаил Есенәлиев» кітабында да осы көңіл-күй, сыйластық көрініс тапқан. Бұл әсерден мен әлі арыла алғам жоқ», – деді ол. Осындай тосынсыймен басталған мәжіліс құрметті қонақты шығарып салып, күн тәртібіне көшті.

Ректорат мүшелерінің назарына алдымен қашықтықтан оқыту орталығының директоры Ф. Сералин университеттегі қашықтықтан оқытуды дамыту туралы ұсынды. Ол бұл мәселеде университет сүйенер заңнамаларға тоқталып, әлемдік университеттер тәжірибесіне шолу жасады.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**ӨРКЕНИЕТ
ШАМЫ...**



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**ЖЕЗ
ҚОҢЫРАУ**



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**БІЗ ЖЕТЕТІН
ШЫҒДАРЫ КӨП
БИІКТІКТІ...**



8-бет

РЕКТОРАТ

Басы 1-бетте

ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ДАМУ - БАСТЫ МЕЖЕ

Қашықтықтан оқыту жүйесін дамытудағы мақсат – университетіміздің білім беру технологияларын заманауи әлемдік үрдістерге сәйкес дамыту, университеттің білім беру қызметіне жоғары сұранысты мейлінше қанағаттандыру. ҚазҰУ-дың әлемдік қауымдастықтың бірыңғай білім беру кеңістігіне етене араласуын қамтамасыз ету болып отыр. Орталық директоры қашықтықтан оқытудың стратегиялық бағыттарын айқындай отырып, оны

кезең-кезеңге бөліп іске асыруды ұсынды. Жүйенің артықшылығы ретінде икемділік, жаңа тұрғыдан контентті қалыптастыру, өнеркәсіппен байланыс, бақылау ортасын қалыптастыру, академиялық ұтқырлық аталды. Университет басшысы академик Ғалым Мұтанұлы жобаны саралай келе, факультеттер мен кафедраларға оның жүзеге асуына белсене атсалысуды міндеттеді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

«ДЕМОКРАТИЯ КҮНІ» АТАЛЫП ӨТТІ

БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы өкілдігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы ынтымақтастық келісім аясында 17 қыркүйекте журналистика факультетінде «Демократия үшін медиаүндеулер» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті. Жиынға ҚР-дағы БҰҰ-ның қоғамдық ақпарат департаментінің өкілі Властимил Самек, «Wikibilibit» қоғамдық қорының президенті Нұрбек Матжани және журналистика факультетінің профессорлары мен оқытушылары, студенттері қатысты.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 2007 жылдың 8 қарашасынан бастап 15 қыркүйекті «Халықаралық Демократия күні» деп жариялады. Бұл атаулы күн әлем елдеріндегі демократия қағидаттарының сақталуы мен демократиялық құндылықтардың қалыптасуын бағалайтын ерекше күн. Биыл «Демократия күнінің» басты ұраны «Демократия үшін жаңа үндеулер» деп аталды. Бұл – заманның саяси, әлеуметтік, экономикалық-экологиялық және технологиялық пікір сайыстары аясында адамдардың тікелей не сенімді өкілдері арқылы дауыс беруі және сол берген дауыстың маңыздылығына назар аудару.

Журналистика факультетінде өткен халықаралық бас қосуда жиналғандар қазақстандық БАҚ және саяси сауаттылық,

ақпараттық қолжетімдік, сандық теңдік мәселелері, мемлекеттік шешім қабылдау процесіне азаматтардың қатысуы және рөлінің артуы, демократиялық қағидаттарға негізделген гуманитарлық технологиялардың прогрессивті өркендеу құралы ретінде танылуы жолындағы масс-медияның рөлі, адам мен қоғам арасындағы жауапкершілікке қабілеттілікті қалыптастырудағы медиатеchnологиялар тақырыбын талқылады. Жиын соңында журналистика факультетінің профессоры, саяси ғылымдарының докторы Гүлмира Сұлтанбаева I Халықаралық журналистика және коммуникация жазғы мектебінің тыңдаушыларына және дәріс берген ұстаздарға куәліктер табыс етті.

Еңлік АҚЖІГТ

Жас тілшіге кеңес

Нашақорлыққа қарсы үгіт-насихат шаралары аясында 20 қыркүйек күні Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің тапсырысы бойынша «Жарық Әлем» қоғамдық қоры (Қарағанды облысы) БАҚ-қа арналған семинар-тренинг өткізді. Шараның мақсаты журналисттерге нашақорлықтың алдын-алу мәселесі бойынша ақпарат жазуы барысында біліктілігін арттыруға көмектесу.

Семинарға Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының жетекшісі А. Мырзаханова, «Жарық

Әлем» қоғамдық бірлестігінің төраға орынбасары Н. Айтуғанова, «КТК» арнасының продюсері Г.Әбіқай, «Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған газетінің бас редакторы Б. Мажитов, ҚазҰУ-дың журналистика факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі орынбасары Қ.Мысаева және журналистика факультетінің студенттері қатысты. Болашақ журналистер бұл дәрістен үлкен сабақ алды.

Ақерке НҰРБЕКОВА,
журналистика факультетінің
1 курс студенті

«Wake up» іске кірісті

Жуырда ғылыми-технологиялық паркте студенттік бизнес-инкубатор негізінде «Wake up» атты жаңа инновациялық компания өз жұмысын ұсынды. Компания жаңа бизнес-жобаларды құрып, оларды нарыққа шығарумен айналысатын болады. Бұл кездесуге «Wake up» компаниясының өкілдері – Асхат Абжанов, Диас Нұргожин, ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Хайда Тасибеков, информатика кафедрасының меңгерушісі Байдәулет Урмашев, ақпараттық жүйелер кафедрасының меңгерушісі Тимур Бакибаев және студенттер қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов бастамасымен ғылыми-технологиялық паркте жалпы университеттік студенттік бизнес-инкубатор өз жұмысын бастағаны белгілі. Оның негізгі мақсаты университеттің инновациялық жобаларын жүзеге асыру үшін студенттерді тәжірибе негізінде тарту, сонымен қатар инновациялық кәсіпкерлік аймағында кәсіби құзыреттілікті дамыту болып табылады.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың айқын бір өрнегі – бизнес инкубациясы. Инкубация шарттары шағын кәсіпорындарды құру мен дамыту барысында туындайтын кедергілерді жеңуде едәуір көмегін тигізетіні даусыз.

Бизнес-инкубатор жаңадан ашылған кәсіпорындарға, бизнестің дамуына септігін тигізетін шаруашылық іс-әрекеттері мен офистік қызмет жүргізу үшін өндірістік және офистік, т.б. орындарды тиімді шарттар негізінде беру арқылы қолдау көрсетеді.

WAKE UP атты бренд Алматы нарығында 2008 жылдан бері бар. Бұл бренд шағын ивент-агенттігінен бастау алған болатын. «Wake up» компаниясының көрсеткен нәтижелі жобаларына тоқталсақ. «Washer Car» – мобильді автожұғыштар. Жоба 0,5 литр арнайы автокөлікті жуу қоспасының көмегімен 40 литр суды қажет ететін дәстүрлі автожұғыштарды алмастыруды көздеп отыр. «Wake Up Cleaning» – ғимараттардың фасадтарын жуу. Арнайы технологияның көмегімен фасадты жуатын адам жұмыс үдерісі кезінде тұрады. «Wake Up technology» жобасы – мобильдік қосымшалар мен сайттарды әзірлеу. Wake Up technology – бірлестік қызметінің аса перспективті бағыты.

Қазіргі таңда осы бағытта аталмыш бірлестік 7 сәтті жобаларын әзірледі:

* COVAIO.COM – әлем бойынша мобильдік қосымшалар мен сайттардың автохабарландыру.

* EX3M.KZ – айырықша жабдықтаудың интернет-дүкені

* ГИППОКРАТ – «Гиппократ» атты мобильді қосымша қажетті дәрі-дәрмектерге тапсырыс беріп, төлеуге мүмкіндік береді.

* INSTASHOKO.COM – Instagram әлеуметтік жүйесінен алынған

суреттер көмегімен ерекше сыйлықтарды дайындаудың қызмет көрсету жүйесі.

* KARAOKE: «Караоке» мобильді қосымшасы сүйікті әндердің алдын-ала тізімін дайындайды мүмкіндік береді.

* TAXI-TAXI: «TaxiTaxi» такси қызметін көрсету сайты.

* АВАНГАРД: Емдік қасиеті бар азық-түлікті интернет-дүкендерінен сатып алудың мүмкіндігі бар.

Бірлестіктің алға қойған мақсаттарының бірі – мобильді қосымшаларды дайындау негізінде Қазақстан нарығында озат болу.

Қазіргі уақытта «Wake up» компаниясы ҚазҰУ-дың ғылыми-технологиялық паркімен бірге жаңа start-up компанияларын құруды жоспарлап отыр.

«Wake up» компаниясының жобалары кездесу қонақтарының қызығушылығын оятып. Хайдар Сүлейменұлы COVAIO.COM мобильді қосымшасы мен сайтының артықшылықтары туралы сұрақ қойды. Компания өкілдері бұл мобильді қосымшаның ерекшелігін әлемдегі кез-келген автокөліктің VIN-кодын ақысыз түрде тексеруге болатындығымен түсіндірді. Сонымен қатар Байдәулет Амантайұлы «Гиппократ» мобильді қосымшасы көмегімен тапсырыс берген дәрі-дәрмектерді үйге жеткізудің қызмет көрсету шаралары және тапсырыс беруден басқа да қызметтерін жақсарту жөнінде өз ұсыныстарын білдірді.

Елімізде бизнес бастамаларды қолдау бойынша жаңа жобаларды іске асыру, экономиканың басым секторына жұмыс істейтін өндірісті жаңарту, жаңғырту немесе ұлғайтуға бағдарланған жобаларға кең қолдау қарастырылып отыр. Бұл кездесу кешінде компания басшылары берілген жобалармен таныстырып қана қоймай, сонымен қатар жаңа мобильді қосымшалар мен сайттарды құру бойынша өз пікірлерін жеткізді. Олардың жұмысының нәтижелері көрсетілді. Кездесуге келген қонақтар жастардың бизнес-инкубатор дамуына осыншама үлес қосып жатқандарына таңғалысты. Кездесу қорытындысында қонақтар «Wake up» компаниясының жобаларын талқылап, ұжымға сәттілік тіледі.

Сайран БАЯНДИНОВА

Басы 1-бетте

ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ ТІЛ АРҚЫЛЫ КЕЛЕДІ

Өз кезегінде сөз алған Берік Бейсенұлы «Айқын» газетінің ұлттық мүдде, тіл, діл, ақпараттық қауіпсіздік пен Елбасы саясатын халыққа кеңінен түсіндіру мақсатында қызмет ететінін айтты. «Тіл – ұлттың тарихы, жан, барлық ізгіліктің бастауы. Патриоттық сезім де тіл арқылы келеді», – дей келе, ол патриотизмнің биік шыңы тілді ұмытпау, құрметтеу деп ой түйді. Тіл туралы толғанып өз ойын ортаға салған Құтмағамбет Қонысбай: «Өз тіліңді білмеу – өз еліңді білмеу, өз анаңды білмеу», – деп қадап айтты. Белгілі журналист осы шаңырақта Қ. Мырзалиев,

З.Қабдолов сынды алпауыттардан тәлімді дәріс алғандығына тоқталды. Ол жастарды ауызбіршілікке, белсенділікке, талапшыл болуға шақырды.

Тіл төңірегінде толғамдарымен бөліскен аға буынның ақыл-кеңесін ұйып тыңдаған жастар қауымы да тілге деген жанашырлықтарын айтып, өз ойларымен бөлісті. Жиын соңында 1 курс студенті Құлымбет Қанат орындаған Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйі көпшілікке жақсы көңіл-күй сыйлады.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

■ 27 СЕНТЯБРЯ – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ТУРИЗМА

Станислав ЕРДАВЛЕТОВ,
д.г.н., профессор кафедры рекреационной географии и туризма:



В результате этой, моей первой поездки в Польшу мое сердце полностью было отдано географии туризма

- Станислав Рамазанович, позвольте Вас поздравить с Всемирным днем туризма! Ведь Вы являетесь одним из первооткрывателей туризма в Казахстане и внесли вклад в его развитие.

- Спасибо за поздравления! В начале хотелось бы сказать о том, как стал отмечаться этот праздник. 5 декабря 1969 года Генеральной ассамблеей ООН неправительственная организация МСОТО была реорганизована в межправительственную Всемирную туристскую организацию (ВТО). Через год был принят ее устав. В 1975 году устав ВТО ратифицировали, и поэтому этот год считается годом официального образования ВТО. В 1979 году Генеральной ассамблеей ВТО в г.Торремолинос (Испания) был учрежден «Всемирный День туризма», который, начиная с 1980 года, отмечается 27 сентября.

- А как создавалась кафедра туризма в КазНУ им. аль-Фараби?

- Что касается кафедры туризма КазНУ, то она была создана в 1996 году. Говоря об открытии кафедры, прежде всего надо сказать о том, что до этого мне удалось способствовать открытию первого в Казахстане и Средней Азии факультета туризма в составе Независимого университета «Туран», куда я был приглашен деканом этого факультета. В том же 1992 году по моему предложению была открыта кафедра туризма в АГУ им. Абая, куда я затем пришел заведовать ею. Затем мне хотелось открыть отделение туризма в родном для меня КазНУ. Эту идею удалось начать воплощать только в 1995 году, когда в классификаторе появилась специальность под названием «Социально-культурный сервис и туризм».

Однако руководство университета сомневалось в необходимости открытия такой специальности. Дескать, не будет желающих обучаться. Мне удалось убедить и министра Минмолтурспорта Б.С.Айтимуову и ее заместителя А.Г.Кима написать ректору К.Нарибаеву письмо о необходимости организации подготовки туристских кадров во фламане казахстанских вузов.

После этого мне, наконец, дали разрешение составить рабочий учебный план по новой специальности.

Имея опыт составления такого плана по специальности «Экономика и территориальная организация туризма», мне не составило особого труда это сделать. При этом мною учитывался опыт их разработки во многих университетах, где ранее были специальности или специализации по туризму: советских, польских, болгарских, а также одного французского (университет Мариньяк) и одного американского (Миннесотский университет).

Итак, к набору студентов 1996 года этот план был утвержден советом университета. Вопреки сомнениям руководства университета, успех был полный. Конкурс составил 15 человек на место, это самый высокий показатель после факультетов юридического и экономического. Благодаря высокому конкурсу, были приняты самые лучшие студенты. И они таковыми и остались, успеваемость была в последующем высокая у всех. А принято было 60 человек.

- Как давно Вы занимаетесь этой деятельностью? С чего начался Ваш интерес?

- 1 декабря 1980 года я отправился на месячную стажировку в Польшу, Варшавский, Лодзинский и Ягеллонский университеты. В Варшаве познакомился с деканом географического факультета профессором Витольдом Кусиньским, в Ягеллонском университете – с Ядвигой Варшинской и Антони Яцковским. Последние, как известно, являются одними из ведущих специалистов польской географии туризма. В результате этой, моей первой поездки в Польшу мое сердце было полностью отдано географии туризма. Хотя надо отметить, что ею я увлекался еще раньше. Во всяком случае, во второй половине семидесятых годов я руководил дипломными работами студентов кафедры экономической географии на туристскую тематику (работы Довнар, Цариценко, Зеленской, Касеновой и др.). А непосредственно после командировки в Польшу я вскоре начал читать спецкурс «Основы географии туризма» студентам кафедры экономической географии.

Особую роль в деле моего увлечения географией туризма сыграл профессор Московского университета С.В. Ковалев, который, приехав к нам на кафедру почитать лекции,

подарил мне две бесценные по тем временам книги: «География отдыха и туризма» Е.А.Котлярова (М.: Мысль, 1978) и «Рекреационная география» Н.С.Мироненко и И.Т.Твердохлебова (М.: МГУ, 1981).

- Каково сегодня состояние туризма в Казахстане? Что нужно сделать для его успешного развития в стране?

- Говоря о сегодняшнем дне развития туризма, приходится констатировать тот факт, что в Казахстане до сих пор практически не сложилась индустрия туризма со всеми необходимыми атрибутами – рекламой, торговыми услугами, транспортом, размещением, питанием, обеспеченностью связью и др.

Задаче создания в Казахстане современной высокоэффективной индустрии туризма препятствует ряд причин объективного и субъективного характера. Сегодня хотелось бы остановиться только на одной из них, решение которой, на наш взгляд, будет во многом способствовать выполнению этой задачи. Причина заключается в том, что туризм, несмотря на условное отнесение к «производящим» отраслям экономики, практически не рассматривается как нечто единое целое в плане государственного развития и не включается в межотраслевой баланс. Туризм должен стать отраслью народного хозяйства не только «де факто», но и «де юре», т.е. стать отраслью, которая входила бы в народнохозяйственный план развития Республики Казахстан.

К тому же недостаточно налажены связи отрасли со смежными отраслями, особенно по линии прямых договоров. Все это приводит к серьезным трудностям в развитии отрасли, в ее текущем и перспективном планировании, в оперативном управлении, что отрицательно сказывается на качестве туристского обслуживания, приводит к распылению средств, к малоэффективному использованию ресурсов. В сложившихся условиях правильной является мысль об образовании межведомственного органа с функциями планирования, координации и контроля, который обеспечивал бы проведение единой политики в организации отдыха и туризма, единство руководства туристской отраслью. Его рекомендации и постановления должны быть обязательными для всех участвующих в туристско-рекреационном

обслуживании министерств и ведомств.

Все без исключения области Казахстана располагают своим подбором туристско-рекреационных ресурсов, которые могут заинтересовать как внутренних, так и зарубежных туристов. Но, к сожалению, они не располагают инфраструктурными сооружениями. Объектами туристской инфраструктуры в достаточной мере располагают только две наши столицы: Астана и Алматы.

Исследования состояния туристской сферы республики показывают, что без поддержки со стороны государства, туризм Казахстана не сможет превратиться в доходную отрасль экономики – индустрию туризма. Государство должно полностью взять на себя задачу создания инфраструктуры во всех 14 областях страны – это строительство автомобильных дорог, электрификация, газификация, телефонизация, создание водопроводной и канализационной сетей, объектов соцкультбыта и т.п. Только после решения этого вопроса, местные предприниматели могут взяться за создание объектов туристской инфраструктуры.

- Как обстоят дела на кафедре рекреационной географии и туризма сегодня? Какие дисциплины Вы преподаете студентам?

- В рамках туристской специальности кафедра осуществляет подготовку кадров для работы в области туризма по всем его современным направлениям: научному, проектно-исследовательскому, организационно-управленческому и педагогическому. А преподаю я главные основополагающие курсы, формирующие в сознании студентов теоретические представления о туризме как пространственном социально-экономическом явлении и в огромной степени влияющие на мировое хозяйство, поведение людей, окружающую среду, культурную жизнь общества и многие другие сферы человеческой деятельности. Это – рекреационная география и основы туризмологии. Кроме того, я читаю курс лекций по другим обязательным дисциплинам: география международного туризма, история туризма, география туризма Казахстана.

Интервью подготовили
Куаныш КОЙШЫБЕКОВ,
Досжан БАЛАБЕКУЛЫ

С 23 по 27 сентября в КазНУ проходит «Неделя языков», посвященная Дню языков народа Казахстана

ШОҚТЫҒЫ БИІК ТЕКТІ ТҰЛҒА

Қадірлі ұстаз, әлеуметтік саланың кәсіби майталманы, Қазақстан Республикасының құрметті қызметкері, Әлеуметтану Академиясының академигі, социология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры Биекенов Кеңес Үмбетжанұлы бүгінде 80 жасқа толып отыр.



Кеңес Үмбетжанұлы 1993 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің жаңадан ашылған «Әлеуметтану» кафедрасын басқарып, қазақстандық кәсіби социологтарды дайындауға көп үлес қосты. Бірнеше жылғы қажырлы еңбек 2001 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Әлеуметтік жұмыс» бөлімінің ашылуына септігін тигізді. Мерейтой иесінің әлеуметтану саласын дамытуы әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасына Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығы арасында үлкен бедел әкелді. Кафедраның Қазақстандағы ірі ғылыми орталыққа айналуы - қазақстандық социология ғылымының негізін салушы Кеңес Үмбетжанұлы еңбегінің нәтижесі.

К.Ү.Биекенов Қазақстан социологтары Ассоциациясының, Қазақстан социологтары Академиясының Вице-президенті ретінде халықаралық конгрестер мен конференцияларды, дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарларды ұйымдастыруға белсене араласып келеді. Ғалымның қолға алуымен, социология кафедрасының ұйымдастыруымен 90-шы жылдардың соңында өткен «Социологияның қоғамды жаңартудағы рөлі» атты халықаралық конференция, Бүкіләлемдік Банктің қолдауымен өткізілген «Қазақстандағы қолданбалы социологиялық зерттеулер: тәжірибе, мүмкіндіктер және перспективалар» тақырыбындағы халықаралық семинарды социология ғылымының қалыптасуы мен дамуында ерекше орынға ие. Сондай-ақ 2002 жылы елімізде алғаш рет ұйымдастырылған Қазақстан социологтарының I конгресі Отандық ғылымның дамуындағы зор маңыздылыққа ие. Бұл конгрестің жүзеге асуында да ғалымның үлесі ерекше. Осы конгресте Қазақстан социологтарының Ассоциациясын құрылып, оның вице-президенттерінің бірі ретінде К.Ү.Биекенов сайланды.

Кеңес Биекенов 1997-2001 ж.ж. және 2003-2006 ж.ж. аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да социология ғылымы бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы қызметінде жүріп, ғылым саласындағы жастарға қолдау көрсетуін ерекше атауға болады. Оның демеу болуымен 10-нан аса ғылым докторы мен 30-ға жуық ғылым кандидаты қанаттанды. Нәтижесінде Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында К.Ү.Биекеновтің әлеуметтік шындықты құрастыру мен үлгілеу саласында өзі қорғатқан бірқатар ғылым-докторлары мен кандидаттары қауымдастығынан құралған ғылыми мектеп қалыптасты.

К.Ү.Биекенов белгілі ғалым-зерттеуші ретінде 40-қа жуық мемлекеттік және

халықаралық гранттардың, оның ішінде Сорос қорының қаржылық қолдау көрсетуімен «Орыс тілді халықтардың Достастық елдерінен Ресейге миграция жасауы» (2002-2004 ж.ж.), ҚР білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық идея Қазақстанның дамуының негізі ретінде» тақырыбындағы гранттарының иегері ретінде өзінің жоғары деңгейдегі маман екендігін көрсетті. Оның басшылығымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік тілдегі 10 томдық «Әлемдік социологияның Антологиясы» жарық көрді.

2006 жылы алғашқылар қатарында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алып, республика оқырмандарына ғылыми монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап, ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастырды.

Қазақстандағы социология ғылымының негізін салушылардың бірі К.Ү.Биекеновтің көп жылғы қажырлы еңбегі «ҚР құрметті қызметкері», «ҚР білімді дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. Әлеуметтану бойынша қоғамның даму тенденциясына сай жаңа оқулықтар дайындап, шығарғандығы үшін А.Байтұрсынов атындағы медалмен марапатталды. Стамбұл университетінің Коркүт Туна, Хаяти Тюфекчиоглы сияқты профессорымен бірлесе отырып, біріккен жобаларға қатысып, екі ел арасындағы туысқандық, достық, ғылым мен білім саласындағы қатынастардың дамуына зор үлес қосып, Стамбұл университетінің «Құрметті профессоры» атағын алды. «Бүкіләлемдегі бейбітшілік үшін» халықаралық дінаралық федерация Кеңес Биекеновке «Әлем елшісі» жоғары атағын берді.

Кеңес Үмбетжанұлы Биекенов талантты ғалым, ұйымдастырушы-кешбасшы, креативті әрекет етуші зерттеуші. Өз мамандығына адал, жоғары интеллектілігімен, интеллектуалдығымен және мәдениетімен ерекшеленетін тұлға. Біз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұжымы, шәкірттері мен ізбасарлары мерейтой иесіне зор денсаулық пен жаңа жеңістер тілейміз!

Гүлнапис ӘБДІКЕРОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының профессоры,
социология ғылымдарының
докторы

В этом году казахстанская социология и кафедра социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби «переживают» свой первый значительный юбилей – 25 лет. В 1988 году, в «эпоху перестройки» в КазГУ им. С.М.Кирова (ныне КазНУ) наряду с двумя ведущими советскими университетами – МГУ им. М.В.Ломоносова и ЛГУ (ныне СПбГУ) были открыты кафедры социологии. Был проведен первый набор студентов, и с тех пор уже подготовлены сотни востребованных специалистов-социологов. За эти годы были на ведущей кафедре по социологии обсуждены и затем защищены десятки кандидатских и докторских диссертаций. Были созданы учебные программы бакалавриата, магистратуры, докторантуры PhD. Все эти изменения в рамках мировых тенденций образования и науки состоялись благодаря преподавательской работе, научным исследованиям, мудрому наставничеству профессоров и доцентов кафедры Н.А.Аитова, М.С.Аженова, М.М.Тажина, К.У.Биекенова, С.К.Утешова и других.

УЧЕНЫЙ, ПРОФЕССИОНАЛ И ЧЕЛОВЕК С БОЛЬШОЙ БУКВЫ



Особое место в этом ряду занимает профессор Пузиков М.Ф., автор множества статей и нескольких учебников по социологии, руководитель научных работ. Он автор совместных монографий на актуальные социальные проблемы, как «Конфликты в воинской среде», «Проблемы социальной адаптации пожилого человека» и других. Им написаны учебники «Общая социология», «Социология как учебная дисциплина», «Политическая социология», «Социология средств массовой информации» и другие, востребованные как социологами, так и студентами других специальностей.

Михаил Федорович родился в 1933 году в селе Куломзино Северо-Казахстанской области. Он родился в крепкой крестьянской семье, однако, в те трудные годы выжить удалось только двоим детям из шестерых. Благодаря своей жизнеспособности, трудолюбию он преодолел все жизненные трудности.

Михаил Федорович всегда был публичным человеком. В молодые годы он выбрал учительскую работу, потом занялся общественной работой в комсомоле и вступил в Коммунистическую партию, был лектором Всесоюзного общества «Знание». Его педагогическая и научная деятельность тесно связана с КазНУ им. аль-Фараби почти полвека, начиная с 1968 года. После окончания Курганского педагогического института и Высшей партийной школы как отличник учебы он был рекомендован в аспирантуру КазГУ им. С.М.Кирова. Начиная с 1971 года, он прошел путь от ассистента, доцента, профессора до заведующего кафедрой. В 1970-1980-е годы он был ректором народного университета «Молодого лектора» при КазГУ им. С.М.Кирова, под его руководством студенты пятькратно становились лауреатами Всесоюзного конкурса студенческих научных работ. За особые заслуги в области образования и науки профессор Пузиков был удостоен

нагрудных знаков «За отличные успехи в работе» (Высшая школа СССР), «Почетный работник Республики Казахстан», «Большая серебряная медаль КазНУ им. аль-Фараби», а также многочисленных Почетных грамот.

В 1995 году Пузиков М.Ф. был переведен на молодую и перспективную кафедру социологии. За эти два десятилетия он вложил много сил и души в эту многогранную, социально ответственную и востребованную науку. «Жизненный опыт дает нам радость только тогда, когда мы можем передать его другим», писал Андре Моруа. Эти слова особо подходят профессору Пузикову, отражают его человеческие убеждения и поступки, его отношение к работе. Михаил Федорович признается коллегами и студентами как компетентный профессионал и Личность с большой буквы, является достойным примером двум дочерям, внуку и внучке.

«Учиться надо только весело. Чтобы переваривать знания, надо поглощать их с аппетитом», подметил Анатолий Фрейд. Профессор Пузиков уже многие годы является инициатором и организатором Клуба и интеллектуальных игр студентов-социологов «Что? Где? Когда?». Они традиционно проходят во время весенней студенческой конференции. Михаил Федорович радуется коллег и любимых студентов своими стихотворными строчками о любви, весне, красоте на «Вечерах поэзии» и в дни праздников.

Будущее казахстанской социологии определяется тем, какие ценности, устремления, образцы поведения передаются от старшего к младшему поколению, от наставников к ученикам. Жизненные достижения и личные позиции профессора Пузикова являются одними из таких маяков в профессиональном становлении современной молодежи.

Н.У. ШЕДЕНОВА,
д.социол.н., профессор кафедры
социологии и социальной работы
КазНУ им. аль-Фараби

25 қыркүйекте журналистика факультетінде «Қазақстан-Польша: мәдени және ақпараттық байланыстар аясындағы өркениеттер үндестігі» атты халықаралық дөңгелек үстел өтеді

Ұстаздықты еткен жарықтанас

25 қыркүйекте белгілі ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, химия ғылымдарының докторы, профессор Нұрахметов Немеребай 75 жасқа толмақ. Ұлағатты ұстазымды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

бақылау жасаудың да маңызы зор екендігін болашақ мамандарға айтып келеді.

Нұрахметов Немеребай ағай – химияны қазіргі заманауи педагогикамен ұштастырған ұстаз. Ол Ы. Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры бола жүріп, жаңаша білім берудің әдіс-тәсілдерін, мемлекеттік білім беру стандарттары мен бағалауды еліміздің білім жүйесіне енгізуге басшылық еткен. Химия және химиялық технология факультетінің ұстаздарын дайындау мамандығының ашылуына да тікелей ат салысып, өзі өмірге көптеген жаңа курстарды енгізіп келеді.

Химияны оқытудың тиімді әдістерін таңдау арқылы факультетте білім алушылардың әрбірінің жүрегінен орын ала білуі және әділ бағалау Немеребай ағайға тән қасиет. Ол осындай қасиетті бойына сіңірген азаматтық болмысымен қоса, ғибраты мол ғұмырымен де көпке үлгі болған және менің өмірімде өз ізін қалдырған ерекше жан. Мен ағайды студенттік кезімнен бұрын білетінмін. Ұстаз болу балалық бал дәурен шағымнан арманым еді. Мұғалімдік мамандықты таңдауыма туған әкемнің де ықпалы зор болды. Сол кезеңде дәуірлеп қат-қабат болып әртүрлі баспалардан шығып жаттын «Зерде», «Мәдениет және тұрмыс», «Жалын» журналдарында білім және ғылым саласы бойынша еңбегі еленген педагог-ұстаздардың өмір жолдары мен педагогтық қызметтерінің жетістіктері жарияланған мақалаларды оқып, мұғалім

болуды армандап, 1998 жылы киелі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға химия факультетіне түстім. Ол кезде қазіргі уақыттағыдай факультетте дайындалатын мамандық түрлері болмаған еді, студенттер тек химик-зерттеуші мамандығы бойынша білім алатын. Ағайдың еліміздің түкпір-түкпірінен келген химия факультетінің студенттеріне арналған алғашқы күні оқытылатын «Химия беташары» дәрісінен-ақ қырсыры әлі ашыла қоймаған бұл ғылымның болашақтағы жетістіктерінің ұшан-теңіз екеніне көзім жетіп, ғылымға деген ынтам арта түсті. Диплом жұмысымды қорғаған кезімде амидтерді Кьелдал әдісімен талдау мен қарапайым құрылғыны құрастыруға да уақыт тауып, ғылымға болашағыма жол сілтей білді. Кандидаттық ғылыми жұмысымды қорғауға шығар алдында табиғи фосфаттардың тыңайтқыштық қасиеттерін бүге-шегесіне дейін қарапайым қазақ тілінде түсіндіріп бергені де әлі есімде. Міне, осылай қазіргі химия және химиялық технология факультетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасында өзімнің еңбек жолымды лаборанттық қызметтен бастауға бел будым. Содан кейін алғашқы педагогтық қызметті, әдетте, ассистентіктен бастайтын болғандықтан, ағайдың өз ұсынысымен 70 жасқа толған кезінде жинақтаған еңбектері бір жүйеге келтіруге көмегімді тигізуден бастадым. Бұл мен үшін химик-ғалым-ұстаздың білім, ғылым саласындағы еңбектерімен толықтай терең қауышу еді.

Ағай қолы босай қалса, қолына қалам алып Қазақстан Республикасының білім



саласына қатысты мәселелерді қозғап, мақала жазу арқылы еліміздегі білім сапасын жақсартуға өз үлесін қосып келеді.

Немеребай ағай өз ұстазы, профессор Батырбек Ахметұлы Бірімжанов туралы естеліктерді айта отырып, оның студенттерге үлгі-өнеге боларлықтай өсиеттерін жеткізуден жалыққан емес.

Құрметті Немеребай ағай, келе жатқан торқалы тойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық-саулық тілеймін. Ел үшін еткен еңбегіңіз әрқашан табысты болғай!

Н.С. ДАЛАБАЕВА,

химия ғылымдарының кандидаты, жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының аға оқытушысы

САДЫҚБЕК САПАРБЕКҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

Кеңестік жүйе қазақ халқының қаншама білгір тұлғаларын репрессия құрбандығына ұшыратты. Қызыл империяның құрығына іліккендердің бірі жас саясаткер Садықбек Сапарбекұлы туралы көпшілік біле бермейді. Ол туралы белгілі қаламгер Ж. Әлмашұлы біраз еңбектер жазды. Биыл С. Сапарбекұлының 110 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция оның туған жері Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында өткелі отыр. С. Сапарбекұлы туралы не білеміз?

Орта Азия мен Қазақстанның комсомол активистері ол кезде осы екі тұлғаның ықпалында өсті.

Садықбек 1919 жылы партия мүшелігіне өтті. 1921 жылы Коммунистік Жастар Одағы атынан РК(б)П X съезіне делегат болып қатысты. В.И. Лениннің сөзін тыңдады. Партияның XV, XVI съездерінің де делегаты, Қызылорда, Қарсақпай аудандық, Ақмола, Гурьев округтік, Ақмола губерниялық, Батыс Қазақстан облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Қазақстан кәсіподақтар Кеңесінің төрағасы, Қазақстан өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, көрнекті публицист болды.

Өкімет басында жүрген Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төрешұлы өзіннің ізіне ерген қыз-жігіттерді дереу қамқорлыққа алып, революция істеріне баулыды. «Осыдан бірнәрсені шығады-ау» деген жасөспірім болса, қай-қайсысы да кеуделерінен кері итерген жоқ. Осындай аумалы-төкпелі шақта Ташкент топырағын басқан ол үгітшілер даярлайтын партиялық курсқа келген күннен бастап-ақ басшылар назарын өзіне аударды. Оның алғырлығы, саяси тұрғыдан білімдерінің өзгелерден оқшаулануы тұрды. Қысқа мерзімдік курсты тез-ақ аяқтап шыққан Садықбекті енді Түркістан Республикасының басшылары жауапты жұмыстарға пайдалануды ойлады. Сөйтіп, оны Ақтөбе майданына жіберді. Бүлікті басып, халықты тыныштандыру үшін қызыл армияның арнаулы топтары жөнелтілген-ді. Солардың бірі – Садықбек болды.

Ақтөбе майданынан еңсесі биік болып оралған коммунистердің бір шоғыры Мәскеуге – Свердлов атындағы Коммунистік университеттің жанындағы партия қызметкерлеріне арналған курсқа оқуға жіберілді. Тыңдаушылар қатарында

Садықбек те болды. Мәскеудегі оқуын жақсы аяқтап шығып, дереу Ташкентке оралды. Оның да өз себебі болатын. Жиырмасыншы жылдары Түркістан Республикасында оқыған, білімді, іскер азамат өте көп бола қойған жоқ.

1920-1923 жылдар аралығында қабілетті жас Садықбек Түркістан өлкелік партия комитетінде, оның жанындағы партия мектебінің комсомол бөлімін басқарды. Сонымен бірге оған Алматы, Жетісу облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін де қоса атқаруға тура келді. Садықбектің шын жарқырап көрінуі осы кезеңдер болды. Осы жылдар ішінде С. Сапарбекұлы көрнекті комсомол қайраткері, жан досы ф. Мұратбаевпен қоян-қолтық араласты. Екеуі бірлесе отырып, Шығыс жастарына жол-жоба ұсынды. Зейінді балаларды қамқорлыққа алып, тәрбиеледі.

1927 жылдың күзінде қазақ өлкелік партия комитетінің алтыншы конференциясы өтті. Бұған Ақмола губерниясынан делегат болып қатысқан С. Сапарбекұлы конференция аяқталғаннан соң, пленумының шешімі бойынша өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі әрі бюро мүшесі болды. Міне, осылайша, іске тындырымды, елгезек жігіт тез өсті. Ол бұл қызметте 1929 жылдың аяғына дейін отырды. «Азуы алты қарыс» Ф.И. Голощекинмен жұмыс істеуіне тура келді.

С. Сапарбекұлы 1929 жылдың аяғында округтік партия комитетінің хатшысы болып тағайындалды. Ал 1931 жылы Қарсақпай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауыстырылады. Содан кейін Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінде шамалы уақыт хатшы болады да, 1933 жылдың қазанында Қызылорда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы

қызметіне ауысты. Ол бұл қызметті 1935 жылдың желтоқсанына дейін атқарды. Садықбек тек қана комсомол, партия қайраткері болып қалған жоқ, ол сонымен қатар қазақ халқының іргелі ел болуы үшін қай істе де бас тартпаған. Айталық, ол 1935 жылдың аяғында республика кәсіподақтары кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Осылайша, республика кәсіподағының аяғынан тік тұрып кетуіне (1935-1936 жж.) зор үлес қосты.

С. Сапарбекұлы 1937 жылдың қараша айына дейін республиканың бірқатар облыстарында жауапты жұмыстар атқарды. Сталиндік сойқанның салқыны Садықбекті де құтқармады. Ұзын құрықтың бір ұшы оған да жетті. Жасы отыз беске енді ғана шыққан аяулы азамат сталиндік репрессияның құрбаны болып кете барды. Өзге қайраткерлеріміз секілді С. Сапарбекұлы да 1937 жылы «халық жауы» болып ұсталып, қайтып бостандыққа шыға алмай, атылып кетті.

Қорыта айтқанда, Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында Қазақстанның жастар арасынан шыққан қайраткер С. Сапарбекұлы туралы бүгінгі ұрпақтың көпшілігі біле бермес. Өйткені «халық жауы» деген жалған жала С. Сапарбекұлын тарих беттерінен өшіруге тырысты. Осы бір жалған жаладан құтылу есіл ерге оңай соқпады. Еліміз егемендігін алған тұстан бастап жазықсыз жапа шеккен ағаларымыз бен апаларымыздың есімдері қайта оралды. Олардың атқарған қызметтері мен еңбектері бүгінгі ұрпаққа үлгі боларына сеніміміз мол.

Болат САЙЛАН

«Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

В КазНУ состоялся визит представителей университетов Франции



ӨРКЕНИЕТ ШАМЫ...

Мұхтар Шахановтың «Өркениеттер адасуы» романына пікір

Мұхтар Шаханов – XXI ғасырдың ұлы рухани реформаторы. С.К.Тресслер

Қазақ ақыны Мұхтар Шахановтың «Өркениеттер адасуы» романы әлемге атышулы «Өркениеттер қақтығысы» еңбегін ұсынған Гарвард университетінің ғалымы Самюэль Хантингтонның, «Аяқталған тарих» туындысын ұсынған Фрэнсис Фукуяманың теорияларына жауап қатқан еңбек екендігі даусыз.

Ақынның ұлттық рух пен азаматтық мүддені биік ұстанған философиялық толғамнан тұратын романы адамзат өркениеті қақтығысына да, тарихтың аяқталуына да жол бермейді деп батыл айтуға болады.

Ақын «Рухсыз күш формуласы» деп атап көрсеткен «Компьютербасты жарты адамдар» романға өзек болған. Ақын ана тілінің, ана ділінің салмағын, парқын, қадірін, қасиетін жазады. Ұлтының қамын ойлаған, болашағын болжаған адам «бүтін адам» деуінде үлкен адамзаттық рух жатыр.

Романның өн бойында ақынның қолтаңбасына тән сөз тіркестері мен мағыналы терең сөздер қатарын кездестірген оқырманға алғашында оқып отырған өлең жолдарын қабылдау қиынға түседі. Ал сол рухты шумақтарды қайталап зер сала оқығанда ақынның ойы мен толғанысын тап басып, дәл таниды. Мәселен, «жарты адам», «заман



ықпалы», «рухи мүгедектер», «адами парқы», «қарын құлы» сияқты тізбектер – ақынның өзіне ғана тән қолтаңба. Ақынға тән рухани бұлқыныстар тізбегі.

Әлемде өркениет қақтығысы емес, сол өркениетке баспалдақ болып қаланар құндылықтар адасып жүргенін ақын

қара сөзбен безбендейді, өлең сөзбен дәлелдейді.

Бүгінгі жас ұрпаққа ең керегі «Білім+Рух» формуласын ұсынған ұлт ақынына тек қана тағзым. Білімді жанның көкірегі ояу, көзі ашық дейміз. Ал білімді жанның рухи биік боларын тағы да ақын еске салады. Рухи мүгедектер емес, «бүтін адам» тәрбиелеуді мегзейді ақын. Бізге «жарты ұстаздар» қатарына тап болмауға үндесе, ал шәкірттерімізге «жарты ұлдар», «жарты қыздар» санатына енбеуді үндейді.

Ақынның өркениеттік философиялық толғамы таңғажайып. «Мейірімі тұл адамдар жер бетін жаулап жеңгенше» күресуді, рухты асқақтатуды аңсайды, соған сенеді.

Мұхтар Шаханов романында көнеден жеткен шежірелер, аңыз-әпсаналар, шығыс тәмсілдері бүгінмен таласып, қазіргінің шындығына жармасып көш түзейді. Мәселен, «Еркектерге көзқарас немесе әйелге сирек жолығатын бақ», «Ел тілегінің күші», «Құрметсіз, шыншыл тұлғалар немесе түрік қағанатының құлауы» сияқты өлеңдерінде көне Отырардан жеткен аңызда айтылған нақылдар біздің өмірімізге қатар өріледі.

Бұл туындылардың бірінде бүгінгі ұл-қыздарымызға жақсы отбасын құру,

жақсы әйел, жақсы ер атануына сеп болар қасиеттерді атайды. Ал келесінде адамға адамдық дарытар адалдық, жомарттық, қанағат сияқты қасиеттерді дәріптейді. Бүгінгі жастарға рухани азық болар, қоғамға тірек болар құндылықтар ақынның әр еңбегінде таразыланады. Жақсысы қайсысы, жаманы қайсысы? Жас адамның неге жақын, неден қашық болу керек деген ойлар әрқашан ақынды толғатқан.

Ал аталған туындының соңғысында «Мәдениет – басты қару» екені аталады. Мәдениетін жоғалтқан ел – жер бетінен жоғалған ел. Сондықтан да түрік қағанатының тарихтан жойылуы – мыңдаған әскердің мәдениеті қуатты елге төтеп бере алмауы. Сондықтан ақын Рух, Дәстүр, Тілді жоғары қойып, осы үш түйістірер күшті Мәдениетке телиді.

«Өркениеттер адасуын» нағыз шыншыл рухани дабылдар эпопеясы» деп аталуы да осыдан болса керек. Қосарымыз, ақынның романы қазақ қоғамына өркениет шамындай жарығы мен жылуын төгіп, рухты жастарға бағдар береді деген сенім.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА, саяси ғылымдарының докторы, профессор

«Өркениеттің» прототипі

Өркениеттер адасуы... Жалпы сіз өркениет жайында ойланып көрдіңіз бе?! Мүмкін, айналадағы қоғам, тіпті адамдар жайында да ойланып көрмеген боларсыз.

Өр тұлғалы жастары бар, алға қояр мақсат-асқары бар мемлекеттер тоғыстығы өркениет болып саналады. Өркениеттің өремізге түрен салған анықтамасы ғана, оның ұлылығын танытып, ірілігін көрсететіндей.

Бүгінгі өркениет қандай?! Көзбен көрген адасушылық, жолдан тайып, ақылдан безу, санасыз әрекетке барып, шарасыз халге түсу бүгінгі өркениеттің аз ғана көрінісі.

Компьютербас, мониторкөз жарты адамдар әлемін Шаханов бекер ауызға алған жоқ. Біздің әлем дәл сол әлемнің прототипі. Қарапайым тілмен айтқанда, Батыс ауызға салып берген асты шайнаймыз деп жүріп, рухты жердің тәрбиесін ұмытып кеттік.

Вольтер «Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі» деген екен. Бірақ, мәдениет - әр ұлттың айнасы. Ал, ұлттың бет бейнесі ұлттық дәстүр мен санаға сіңген ұлттық қасиеттерді сақтауынан бастау алады.

Мұхтар ақынның мұңы сонда «ұлттық негізден қалдық та қалмай бара жатыр» деп жан айқайын жеткізді. Жартыбас адамдар қоғамында жартылай мәдениет пен жартылай сауаттылық, шала тіл мен шала дәстүр, шала тарих қалыптасты.

Өркениет деп біз қазір технология мен техниканың дамуы, қазіргі заман мен болашақ үшін қиялдағы әлемнің шынайылыққа айналуын түсінеміз.

Адасушылықтың басы осы ойда жатыр ма, кім білсін?! Етек-жеңін толық жинап бола алмаған қоғам, техникаға телміріп, қара темірге құл болып барады.

Адам бойындағы өзіндік қасиеттер, ер

мен әйел айырмашылығы, әрбір табиғат жаратылысының өзіне ғана сай қалпы сақталғаны дұрыс. «Отырарда өткен аңыздан» баян етілген «Бесінші еркек» тармағында нағыз азаматтың бейнесі ашылған.

Өркениетті қоғамда адам мен азамат рөлі биік болып саналады. Алайда, біздің өркениет өз тұғырын өз қолымен құлатқан сияқты. Себебі, санасыз әрекеттер саналы ұрпақтың көз алдында өтіп жатыр.

«Әйелге ұқсас еркектерді жек көрем!» Әйелге ұқсас еркектер ғана емес, еркекке ұқсаған «нәзік жандылар» қаптап кеткен кер заманға аяқ бастық. Ақын жүрегі «адаспаңдаршы» деп өтінген өлеңнен өз кейпімізді көріп, шарайнаға қарағандай қалпымыз қайта еске түсті. Мұхтарша көрегендер болмаса, көп көздер көре бермейтін заманның да қу мінезі бар. Ішіне бүгіп жатқан шикілігін шындық сөзі түртпектеп оятты.

Қазақта да өркениет болған, көне түріктен қалған ақиқат жолы, бүгін тарих жолына айналды, өткеннен қалған дәстүр жолы даңғазға тіршілікке сіңіп кетті, өнер тізгіні кейбір лайықтының уысына ілінбесе, кейбірі арғымағын бағындыра алмай, жоғалтып та жіберді.

Бізге ғаламтор керек, әлемдік өрмекшінің торына ілінулі қалыптамыз. Бірақ, жартыбас қалыптан арылу үшін сол қажеттілікті ұлт қажеттілігімен жалғауды ескермей жатырмыз.

Жартылай қалыпта, мутанттық бейнеден биіктік іздейміз, жаңалыққа ұмтылған сайын жаратылыстан тайқып кеттік.

Рухсыз жеңістің бүгіні ғана бар, рухты жеңістер бізге тарих желімен жетті. Сол дәстүрдің тамырына балта шаппай, болашақ қызармай шығатын құрмет биігін қалыптастыралық!

Арайлым ӘКІМ,

журналистика факультетінің 3-курс студенті

МҰХТАР ШАХАНОВ

«Өркениеттің адасуы» романынан үзінді

Компьютербасты жарты адамдар

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құймақ ұлақты, Қонақтары сұрапты:

- Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?
- Бір жарым! – деп тіл қатыпты өлгі адам. –

Ал дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді, Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,

Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын

Өз ұлтының рухани байлығына жалғады,

Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.

Екі ұлымның тағдырына ол өзгеріс болмады,

Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.

Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,

Сондықтан қос перзентімді санаймын мен

жарты ұлға.

Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан

Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі жарты адам!

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?

Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

Қайда барсаң көз алдында өнеге боп жарқылдар,

Жарты бастық,

жарты ұстаздар,

жарты қыздар,

жарты ұлдар.



Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

27 қыркүйекте философия және саясаттану факультетінде «Тілім барда білмеймін мен қайғыны» атты зияткерлік сайыс өтеді

«Жезқоңырау» айдарының бүгінгі жас ақыны Нұрболат Досжан. Ол Ақтөбе облысынан төрт жүз шақырым жердегі «Ырғыз» деп аталатын шұрайлы, ырысты жерде дүниеге келген. Балалық балдәурен шағының ең қызықты күндері де сол ауылда өткен. 2012 жылы «Ырғыз гимназиясын» бітіріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетіне оқуға түседі. Бүгінгі таңға дейін облыстық, республикалық жырмұшайраларына қатысып өз бағын сынаған ол, бірде жеңістің тәтті дәмін, енді бірде жеңілістің кермек дәмін де қатар татады. Бірақ ең басты арманы қара өлеңнің қайнарын қанып ішіп, оның құдіретін келер ұрпақ санасына сезіндіру, ұғындыру деп түсінеді. Назарларыңызға біздің бүгінгі жас ақынымызбен болған сұхбат пен оның тырнақ алды туындыларын ұсынамыз.

Нұрболат ДОСЖАН, жас ақын, ҚазҰУ студенті:

«Қыл қалам ұшымен өлмейтін, келешекке үлгі болатын жаңа туындылар әкелу – менің ең бірінші мақсатым»

Университет өміріндегі түрлі мәдени-қоғамдық шаралар сіздің шығармашылығыңызды шыңдауыңызға кедергі келтірмей ме?

Ақының тілі қылыштан өткір, қылдан жіңішке демекші, әрбір қолына қалам ұстап, өлең жазамын деген жан үшін оған қандай да бір тосқауыл кедергі бола алмайды. Шарықтаған шабыт арқанды ұрғанда поэзия әлеміне қалай енгенінді өзің де байқай қаласың.

Жалпы өлең адам санасына түрлі себептермен оралады. Әсіресе табиғаттың өзгеруі ақын санасына түрлі ой салады. Адамның бәрі сезіне бермейтін жер беті мен аспан әлеміндегі бейтаныс кереметтілікті кез келгеннің жүрек түкпіріне

бойлату - ақынның ғана қолынан келетін ғажайып күш. Сондықтан да осы бір керемет әлемге сапар шексем деп армандаған жан үшін ешнәрсені де кедергі бола алмас.

Түрлі газет беттерін және түрлі кітаптар, журналдар беттерін оқуға кеткен уақыт бізге шеберлігімізді шыңдауға қуат бермесе, ешқандай да кедергі ете алмайды. Ал университет өміріндегі түрлі мәдени-қоғамдық шараларға келер болсақ оның өзі бір төбе.

Өткен жылы журналистика факультетінде жыр жазуға қабілеті бар студенттердің басын біріктіре отырып, олардың шеберлігін шыңдау мақсатында саяси-ғылымдарының докторы, профессор Г. Сұлтанбаева мен журналистика факультетінің 3 курс студенті А.Тәжікованың

жетекшілік етуімен «Әлем» әдеби бірлестігі құрылған еді. Сол бірлестікке мен де мүшелік ету барысында көптеген ақын-жазушымен, қоғамға танымал белді қайраткерлермен және жас өнер жұлдыздарымен бас қосып пікір алмасу тұрғысындағы шараларға қатысып, өзіме керекті рухани және имани дүниелерді бойыма сіңірдім.

Биыл да осы бірлестіктегі көптеген шараға белсене араласып, өзіме керекті дүниелерге қанықсам деген ойдамын. Қортындылай айтқанда, университет өміріндегі болсын тіпті, басқа сала да болсын қоғамдық-мәдени шаралар - ізденген жастың өнерін одан ары шыңдамаса, оған кедергі келтіре қоймайды.

- Сізді поэзияға жетелеген

қандай ақындардың шығармашылығы? Қазіргі ақындардан кімдерді үлгі тұтасыз? Және өзіңіздің алға қойған мақсатыңыз не?

Тарих беттеріне сүйінер болсақ, өткен XIX және XX ғасыр ғылым мен өнердің, соның ішінде қазақ елі үшін прозаның өз биігіне шыққан кезі еді. Ал, XXI ғасыр поэзияның шарықтаған дәуірі.

Өткен күндерге оралар болсақ, «кез келген мәдениетті азаматтың ана тілі мен сол ана тіліндегі әдебиеттің қадірін білмеуі - мәдениетсіздік», - дейді дана халқымыз. Бала кезімнен бастап қазақ поэзиясының маңдайалды қаймақтарының асыл дүниелерін бойыма сіңіре отырып әдебиетке, поэзияға деген ынтам арта түскені

жасырын еместін.

Ал қазіргі жас ақындардан, Алмас Темірбай, Ақберен Елгезек, Нұрбол Ибраев, Жақсылық Қазымұрат, Бауыржан Әліқожа сынды және т.б. ақындардың өлеңдерін сүйсіне оқып, өнегелі тұстарын өзіме үлгі тұтамын.

Меніңше, қазақ жазушысы мен ақыны үшін өз дәуіріндегі әдебиетінің, ана тілінің көсегесін көгерту, көркейту, шеберлендіру жөнінде міндеткерлікті азаматтық тұрғыда адал атқара білу үлкен ерлік. Сол секілді менің қазіргі таңдағы алға қойған басты мақсатым - қыл қалам ұшымен өлмейтін, келешекке үлгі болатын жаңа туындылар әкелу.

Сұхбаттасқан
Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕГІ

«БҮЛДЫР»

Жайсыздыққа көңілім байланғалы,
Өр көңілдің өзінше тырмысқаны-ай.
Тағдыр ғұмыр илеуге айналғалы,
Тірлік кешіп келемін құмырсқадай.

Жаутаңдаған жұлдызға ай ғұмырым,
Құшағына бөлеген алып түнді
Теңіз тағдыр,
Толқындай қайырыларым кім?
Жүзіп келем елекпін балық-сынды,

Өмір деген - асуда қолдарым кім?
Арман атты шыққанда сахнаға,
Қарағым-ақ келеді жолдарымның,
Алдына да бұрылып, артына да ...

Тым кішкене ғұмырда бас бармақтай,
Жарар еді-ау кеудемде көктем гүлін.
Мекеніне оралған қасқалдақтай,
Мекеніме оралса өткен күнім...

Бұлдыр болса өмірдің әр ақ таңы,
Өкінішімді қайтейін айтып анық...
Шәрбатыңды сезейін шараптағы,
Тағдырымнан есемді қайтып алып...

Сені іздеген,
Көңілім сені іздеген!
Сені іздеген, көктемгі лебізбенен.
Сен кеткелі қалғандай өмір тоқтап,
Тұман басып кеткендей еңісті елең.

Сені аңсаған,
Сезімім сені аңсаған,
Сені аңсаған дертімнен ем алса мән.
Сарыбаққа айналып сарсаң санам,
Саған қарай жел есті дем ал содан.

Сені ойлатқан сағыныш,
Сені ойлатқан,
Сені ойлатқан кеудемнің реңі ой - батпан..
Жабырқатпай жанымды тәтті мұңын,
Жанарыма жасымды тең бойлатқан.

Саған құштар жүрегім,
Саған құштар,
Сені көрсе, қобалжып жағамды ұстар.
Менің жазған хатымды ей, көгершін,
Қанатыңа ап, аруға тәмам үш бар

Сағыныштың өзің сап күшті әлегін,
Сен биледің кеудемнің ішкі әлемін.
Шалғай жақтан күткендей ай күнін мың..
Сені іздеткен күндерге құштар едім..

Құшағыңа шөлдеген құшағыңа,
Құшағыңсыз өмірім құсалы ма?!..
Бірге жүздік теңізде бірге ұшайық,
Бірге құлап бақыттың құшағына

Шешімін таппас жұмбақ сырымның,
Шешімі болып үн қатшы, түнім.
Өмір дегенім - бір мұңым менің,
Өмір дегенім - бір жақсы күнім,

Желпінген желдер беймаза қыңыр,
Тұншыққан аспан, тұманды іңір,
Шарп етіп жанып, жалп етіп өшер,
Өмір дегенім - сіріңке ғұмыр

Тигіссе әр сәт көңілге емін,
Өмір сүргенім көмілмегенім.
Бірер минута-ақ жарқ етіп өшкен,
Найзағай ғұмыр - өмір дегенім.

Шалыстау кетсе, оңаша жол тым,
Қаталдау өмір ендеше ол тым.
Жарысып бірге, шалысқан бірін,
Өмір дегенім - бұлқынған толқын.

Арайлап,
Маржан төгілген жақұт,
Алмасып соққан мұң менен бақыт,
Өмір дегенің - сағат тілдері,
Өмір дегенің - тоқтаусыз уақыт.

Толқын өмірім тартар күй ағын,
Адассаң әр сәт артар зияны,
Ноталарыңда ақ және қар сызықтар,
Өмір дегенің - фортепиано.

Басы 1-бетте

СТУДЕНТТІК ВЕЛОТУРАК АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Тұрақты мобильділік апталығы» аясында студенттерге арналған 200 орынды 14 велотұрақ ашылды. Велотұрақтың салтанатты ашылуында велосипедпен жүру қауіпсіздігі туралы шеберлік сағаты мен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

16 қыркүйек пен 22 қыркүйек аралығында әлемде жыл сайын «Тұрақты мобильділік апталығы» өткізіледі, апталық «Автокөліксіз күн» халықаралық мерекесімен аяқталады. Бұл аптада әлем қалалары қоғамдық көліктерді, велосипедтерді және басқа да қала ішінде қолдануға болатын көліктерді жарнамалайды. Биыл бұл апталық «Таза ауа – таза жол!» ұранымен өтті. «Автокөліксіз күн» халықаралық мерекесі аясында ҚазҰУ-да «Samsung» компаниясы, «Алматы қаласының тұрақты көлік» ПРООН/ГЭФ жобасы және «Вело-Алматы» қауымдастығы бірлесуімен өткізілген іс-шара велосипед көлігін насихаттады. Осы орайда әлеуметтану



мамандығының 2 курс магистранты Шырын Тіленшиева: «ҚазҰУ тазалықты, экологияны сақтауды қашан да насихаттап келеді. Ыңғайлы, таза және жылдам қала көлігін пайдалануды қалыптастыруға біз де өз үлесімізді тигізе аламыз. Мен де алдағы уақытта велотұрақтың тұрақты қолданушысы боламын», - дейді. Ал ҚазҰУ

профессоры Ғалия Ибраева студенттер өз денсаулықтарын сақтасын деген мақсатта университет тарапы велосипедпен жүруді қолдайтынын, экологиялық таза орта қалыптастыруға орай жасалып отырған игі бастама нәтижелі боларына сенімді екенін жеткізді.

Еңлік АҚЖІГІТ

ЖАЛЫН

Біз жетемін шыңдары көп биіктіктің...

Әсем қаламыздың айшықты әдемілігі - асқаралы Алатаулары мен керемет шыңдары. Алыстан жол жүріп келген қонақтарды да сол таулар құшақ жая қарсы алады. Қалаға енгеннен бастап адам өзін өзгеше әсерге бөленгенін байқамай қалады. Ол алыстан мен мұңдалап көз тартқан Іле Алатауының шыңдары еді. Сол таудың «Құмбел» деген бір биігі бар. Географтардың дерегіне сүйенсек, шамамен 3200 метр деседі. Осы бір өзгеше шыңға қазулықтар да күні кеше жол тартқан еді.



Бұл бірінші рет емес, дәстүрлі шара биыл бесінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Ұйымдастырушылар ҚазҰУ-дың география факультеті рекреациялық география және туризм кафедрасы. Туризм күні қарсаңына орай ұйымдастырылған дәстүрлі шараға ҚазҰУ-дан бөлек, ҚазҰПУ студенттері

мен қалалық мектеп-интернаттардан барлығы 100-ден аса адам қатысты. Айта кетерлігі, ҚазҰУ-дан бұл тау жорыққа 70-ке жуық студент пен оқытушы келген. Жарыс межесі саналатын «Құмбел» биігіне жалынды қазулық туризмдік студенттердің 38-і жетті. Олар бұл жеткен жетістіктерін туризм күнімен қатар,

ҚазҰУ-дың алда келе жатқан 80 жылдық мерейтойына да арнады. Олар: «біз жетемін шыңдары көп биіктіктің», - деп өздерінің биік мақсаттарымен бөлісті.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
«Құмбел» шыңынан арнайы
«Қазақ университеті» газеті үшін

«АНА ТІЛІМ - АЛАШЫМНЫҢ АЙБЫНЫ»

Қазақ тілінің мәртебесін асырған «Ана тілім – алашымның айбыны» атты жыр-мұшайрасында бұған дейін іріктеу кезеңінен суырылып шыққан жас ақындар «ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше ана тілінде айтуға» барын салды. Туған тілін шабыттана жырға қосқан олардың көздері жалын атып, жүздері бал-бұл жанды. Жырлары жүрек тебірентті. Қазақ тілінің кешегісін зарлай айтып, бүгінгіне шүкірлік ете отырып, ертеңіне зор үмітпен қараған ақындардың жырлары көпшілікке ой салды. Сонымен қатар әуелеген патриоттық ән, күмбірлей төгілген күй мен ұлттық би жүрек қылын тербеп, жігер берді. Ақындардың балғын жырларына факультеттің белді ұстаздары Бердібай Шалабай, Бәкі Момынова, Гүлмира Қазыбек, Кенжетай Күркебаевтармен қатар, осы мүшайраның алғашқы жеңімпаздары, талантты жас ақындар, филология, әдебиеттану және әлеуметтік факультетінің 3 курс студенттері Манас Қайыртаулы мен Шерхан Талап төрелік етті. Қара қылды қақ жарған әділқазылар алқасы жас ақындардың талабын жоғары бағалап, «Лирик ақын», «Тіл жанашыры», «Отансүйгіш ақын», «Еңбекқор ақын» аталымдарын ұсынды. Ал III дәрежелі дипломды Ақбота Садық, Әсел Жұртбаева, Арман Бейімбетов өзара бөліссе, II дәрежелі дипломға Сәуле Нысанбек пен Жансая Қалекесова ие болды. I дәрежелі диплом кесек сөздері, терең астарлы жырымен ерекшеленген Жандарбек Жұмағұловтың еншісіне бұйырды.

Жас ақындардың шабыты мен өрелі ойлары сайысқа түскен шараның әрбір жастың жүрегіндегі Отанға, ұлтқа, тілге деген сезімді нықтай түскені анық.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ӨЛМЕЙДІ...

Қартайған, қайғы жұтқан ғасырым ба,
Жанымның тамып жатыр жасы мұнда.
Тулаған кеудемде ұзақ бұла ағындар,
Толқын боп тасынуда.

Тамыры тереңдегі сен бір емен,
Қуанып өзіңменен ел жүдеген.
Астасып бейнесімен замананың,
Мұңайды мөлдір өлең...

Айналам құлазыса – өлең көшім,
Бар әлем қайта оянып елеңдесін.
Түбіңе жете де алмас, білем, білем,
Бәрібір тереңдесің!

Бұл тарих есінеген жиып па есін,
Мендегі қайғы да шын, күйік те шын
Таптасын, табаласын, талақ етсін,
Бәрібір биіктесің!

Мысқылдап өзгелері күлер, мейлі,
Жоғынды жоқтап кімдер түгендейді?!
Қазақтың мен сенемін жүрегіне,
Бәрібір тіл өлмейді!..

Жандарбек ЖҰМАҒҰЛОВ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Фототілші – Мамыржан БОТАБЕКОВ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 11 000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік бетпен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.